

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 1 (1) қаңтар-наурыз 2014

ISSN 2710-3994



EDU.E-HISTORY.KZ
электрондық ғылыми
журнал

2014, № 1(1)

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

2014, № 1(1)

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

2014, № 1(1)

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Басредактор

Әбжанов Хангелді Махмұтұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбаев, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Теленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ.,

Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Edu.e-history.kz»

электрондық ғылыми журналының редакциясы

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.
Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Главный редактор

Абжанов Хангелді Махмұтович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz»

Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год
(в электронном формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо
обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
of the Committee of Science Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Abzhanov Khangeldi Makhmutovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,
28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz»
Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ӘОЖ / УДК/ UDK 94(574.41-25) «1856/1917»

СЕМЕЙ ҚЫЗДАР ПРОГИМНАЗИЯ МЕН ГИМНАЗИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН (1856-1917 жж.)

Рахимова А.А.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан)
«Тарих» мамандығының 2 курс магистранты
E-mail: aida.ar757@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада революцияға дейінгі Семей қаласындағы негізі қаланған қыздар прогимназиясы мен гимназиясының (1856-1917ж.ж.) құрылу тарихы қарастырылады. Автор қыздар прогимназиясы мен гимназиясындағы оқу үрдісі, материалдық базасы педагогикалық ұжымы, оқушылардың ұлттық құрамы, әлеуметтік тегі және діни-нанымы, гимназистердің оқу көрсеткішінің үлгерім деңгейі, гимназияның сыртқы және ішкі тәртібі, оқу бағдарламасы мен оған қатысты оқу құралдары да мақалада талданады.

Түйін сөздер: Семей, қыздар, прогимназия, гимназия, орта білім беру жүйесі, реформа, гимназистер.

ИЗ ИСТОРИИ СЕМИПАЛАТИНСКОЙ ЖЕНСКАЯ ПРОГИМНАЗИИ И ГИМНАЗИИ (1856 – 1917 гг.)

Рахимова А.А.

Казахский национальный педагогический университет им. Абая (г. Алматы, Казахстан)
Магистрант 2 курса специальности «История»
E-mail: aida.ar757@gmail.com

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы истории создания женской прогимназии и гимназии (1856-1917гг) в дореволюционный период в городе Семипалатинск. Автор анализирует учебный процесс, материальную базу, состав педагогического коллектива, национальный, социальный и религиозный состав учащихся, уровень учебных показателей успеваемости гимназистов, правила поведения в учебном заведении и за его пределами, средства обучения и содержание учебной программы женской прогимназии и гимназии.

Ключевые слова: Семипалатинск, женская, прогимназия, гимназия, система среднего образования, реформы, гимназисты.

FROM THE HISTORY OF THE SEMIPALATINSK FEMALEPROGYMNASIUM AND GYMNASIUM (1856 – 1917 Y.Y.)

Rakhimova A.A.

Kazakh National Pedagogical University named after Abai, (Almaty, Kazakhstan)
2nd year master's student of the specialty "History"
E-mail: aida.ar757@gmail.com

\

Abstract. The article considers issues of history of female progymnasium and gymnasium (1856-1917 y.y.) to the before revolutionary period in the city of Semipalatinsk. The author analyzes the educational process, material resources, the composition of pedagogical staff, national, social and religious composition of students, level of academic performance of students, rules of conduct in school and beyond, learning and the curriculum female progymnasium and gymnasium.

Keywords: Semipalatinsk, progymnasium, gymnasium, female, the system of middle education, reform, gymnasium student.

Кіріспе

Революцияға дейінгі Ресей империясында қыздардың білім алу мүмкіндіктері ұзақ та, қиын жолмен жүрді. Қыздардың білім алуы керек емес «артық» дүние болып түсіндірілді. Мемлекет қыздарға болашақ маман ретінде қарамады, сондықтан қыздар мектептерін ұйымдастыруға көңіл аударған жоқ. XIX ғасырдың екінші жартысы яғни 50-60 жылдары Ресей империясының барлық аумағында қыздарға арналған білім ошақтары негіздерін қалай бастады. Осы уақытта қыздарды педагогикалық мамандыққа тарту белең алып, барлық әлеуметтік топтың (класс) қыздарына оқуға түсуге жол ашылады [1,92 б.].

Қыздарға білім беруді ұйымдастыруға (реформалауға) байланысты алғашқы қадамдар 1856 жылы көктем айында басталды. Сол жылдың 5 наурызында халық ағарту министрі А.С. Норов патша II Александрға есеп тапсырады. Есепте: «Халық ағарту жүйесінде осы уақытқа дейін ерлер біліміне көп көңіл бөлінгенін. Қыздарға арналып (Август үйінің қамқорлығымен) ашылған институттарында тек шектеулі дворяндар мен шенді азаматтардың қыздары ғана оқи алатынын, ал орта таптағы адамдардың, әсіресе губерниялық, уездік, қалалық тұрғындар өздерінің тұрмысына байланысты қыздарын оқыта алмайтынын түсіндіреді» [2,117 б.].

Осы есепке жауап ретінде, 1856 жылы 5 наурызда жоғарғы биліктің жарлығы шығады: «Приступить к соображениям об устройстве на первый раз в губернских городах женских школ приближенных по курсу к гимназиям по мере способов которые к тому могут представиться». Алғашқы кезде гимназия деңгейіндегі қыздар мектептерін губерниялық қалаларда ашумен шектеледі [3,75-78 бб.].

Бірақ жарлық шыққанымен оның бекітілуіне 2 жыл уақыт кетеді, себебі оның орындалуына көп азаматтар сенбестікпен қарап, халық соғыстан (1853-1856 жж. Қырым соғысы) енді шыққан кезде көмек көрсетуі мүмкін еместігін алдыға тартады. Халық Ағарту Министрі А.С. Норов қалалық қоғам мен дворяндардан үмітін үзбейді. [4,40 б.].

Қыздар училищелері губерниялық қалаларда «жергілікті халыққа қажет болғанда» және де материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілетін мүмкіндігі болу жағдайына байланысты, аймақтық оқу басқармасының (Попечительдің) бұйрығымен ашылды. Материалды көмек қайырымдылық және жеке топтардан, оқу ақшасының есебінен құралды. Оқу ақысы I разрядты училищеде – 35 рубльден, ал II разрядты училищеде – 25 рубльден аспауы міндетті болды [2, 129 б.]. Білім алатын оқу ошақтары екі түрге бөлінді: II разрядты училище – бастауыш мектеп негізінде, және I разрядты – толық емес гимназия типінде құрылды [5, 1 б.].

Халық Ағарту Министрлігінің 1860 жылғы «Қыздар училищесіне» байланысты ережесі екі жаңа леп енгізді. Қыздардың оқу бағдарламасын кеңейтіп (орыс тілін оқытуға байланысты), педагогикалық кеңеске қосымша міндетті емес пәндер оқытуға мүмкіндік берді. Ең бастысы ол дайындық сыныптарын құру болды. Бұл бастапқы білімдері жоқ оқушыларға, дайындық сыныптарында өз білімдерін жетілдіріп алуларына түрткі жасады. Тағы бір айтылмай кетпейтін жағдай ол оқу ақысының төмендеуі. Енді I разрядты училищеге – 30 рубль, ал II екінші разрядты училищеге – 15 рубльды бекітеді [2,141 б.].

1870 жылы қабылданған «Положение о женских гимназиях и прогимназиях» ережелер легі бойынша I разрядты қыздар училищесі – гимназияға, ал II разрядты гимназиялар – прогимназияға түрленеді. Біріншісінде оқу мерзімі 7 жыл, екіншісінде 3-6 жылдың аралығында бекітіледі. 1870 жылғы ережелер 1865 жылғы ережелермен салыстыра келе қыздар прогимназиясы мен гимназиясының басқару жұмыстарына шарттар енгізеді. Айта кетсек, педагогикалық кеңестің билігі тарыла бастайды, кеңес кітап қорын таңдаудан және белгілі бір пәннен сабақ беру бағдарламасын бекітуден алыстатылады. Бұл сұрақтар бойынша жұмысты (ереже бойынша) Халық Ағарту Министрлігі атқарды. Сонымен қатар ереже бойынша оқу орнының бастығынан да және сынып жетекшісінен де үй мұғалімі немесе тәрбиешісі лауазымы қажет етілмеді. Гимназияның оқу басшысын – Халық Ағарту Министрлігі бекітсе, ал прогимназияда – аймақтық оқу басқармасының басшысы (Попечитель) бекіткен. Жасалынған мұндай шаралар министрліктің қыздар гимназияларын қол астында қатаң бақылаудан шығарып алмау үшін қажет болған [2,191 б.].

Ескеретін жайт, қыздар гимназиясы оқу бағдарламасы мен дәрежесі бойынша ерлер гимназиясымен салыстыруға келмеді. Оқу бағдарламаларының жеңілдігімен және пән бойынша сағаттарының қысқа болуымен сипатталады [1,92 б.]. 1871 жылғы ерлердің және 1874 жылғы қыздардың оқу бағдарламаларына мән берсек, қыздарда ерлерге қарағанда айырмашылық графикалық (жазба) және қосымша пәндердің көптеп оқуында болды. Мысалы, қыздарда графикалық пәндер 11,4%-ды құраса, ал ерлерде 2,4%-ды құраған. Ал гуманитарлық пәндер үлесі ерлерде 73,7%, қыздарда 55,4%, жаратылыстану пәндерінің (ерлерде 18,9%, қыздарда 18,0%) үлес салмағы теңдей деп атауға болады, бірақ ерлер қыздарға қарағанда тереңдітіліп (әсіресе гуманитарлық пәндермен) оқытылған. 1880 жылдары Халық Ағарту Министрлігіне И.Д.Диляновтың келуі контрреформация кезеңімен сипатталады. Ол қыздардың прогимназия және гимназияларына байланысты Министр жасалынған 3 үлкен қателікті келтіреді. 1) Қыздар прогимназиялары мен гимназиялары барлық әлеуметтік топтарға (дворяннан бастап шаруаға дейін) есігін ашып беруі; 2) Гимназия жанынан арнайы педагогикалық сыныптардың құрылуы; 3) Қыздарға арналған жоғарғы курстардың ұйымдастырылуы «Үлкен қателік» саналды. Шешімі ретінде 1884 жылы желтоқсан айында Халық Ағарту Министрінің орынбасары М.С.Волконскийдің төрелігімен «Комиссия об изыскании главнейших оснований для лучшей постановки женского образования» атты арнайы комиссия ұйымдастырылады [2,221 б.]. 1880 жылдардағы қабылданған реформалардың басты өзегі ол гимназияларда әлеуметтік құрылымдарды ретке келтіру болды. Ережені іске асыру үшін М.С.Волконский қыздар гимназияларына 1) екі жаңа тілдердің оқылуын міндеттейді. Бұл жаңалықтың астарында қыздар гимназияларындағы жағдайлары төмен әлеуметтік топтар мен отбасылардан шыққан қыздардың тілдерге (жаңа және ежелгі шет тілдерге) ақша төлеп оқуы қиындық туғызатындығын түсінсек болады. Осылайша «тазалау» үрдісі жүргізілді. Тағы бір мәселе ол, 2) қыздар прогимназиясын және гимназиясын аяқтағаннан кейін тәрбиеленушілерге мұғалім немесе тәлімгер құқығын иемденуін алып тастау. 3) Қыздар прогимназиясы мен гимназияларын мемлекеттендіру саясаты. Бірақ бұл жоспар қаржы министрі С.Ю. Виттенің есебімен тоқтатылады. Өйткені, министрдің айтуы бойынша қыздар гимназияларына мемлекет қаржылай көмектің тек 10% -ын ғана шығарып отырғанын, ал қалған 90%-ы қалалық, земствалық, жеке, және қоғамдық топтардан жиналатындығын дәлелдейді. Сол себептен қыздар гимназияларын толықтай қамсыздандыруды мемлекет өз мойнына ала алмайтынын алдыға тартады [2,223–224б.б.]. Соңында құрылған комиссияның 10 жылдық жұмысы 1894 жылғы елдегі қоғамдық-саяси үрдістерге байланысты, мемлекеттік кеңесшінің шешімімен комиссияның жобаларын жоққа шығарады. Ережелер легі қыздар прогимназиялары мен гимназияларындағы әлеуметтік, пәндік-бағдарламаларына т.б. үдерістеріне ешқандай өзгеріс енгізбеді [2, 226 б.]. Қыздарға білім берудегі ұйымдастырылған заң жобаларының ішіндегі ең ірілі реформалар (қысқаша) реті осылайша

жүргізілді. Жоғарыда қарастырылған реформалар легі қыздар прогимназиялары мен гимназияларының ашылуын тек Ресей империясының орталық аудандарында да ғана емес, сонымен қатар шет аумақтарында да негізін қалуына көп көңіл бөлді. Батыс-Сібір округінің құрамына кіретін Семей қаласы, онда негізі 1872 жылы қаланған Семей қыздар прогимназиясы мен гимназиясына қысқаша тоқталып өтсек. Сонымен Семей қыздар прогимназиясы 1860 жылы уездік училищенің жанынан мектеп ретінде ашылып, 1864 жылы 25 қарашада мектеп 2 сыныпты қыздар училищесіне, 1872 жылы 16 тамызда қыздар прогимназиясына түрленеді [6, 80б.]. Ал 1902 жылы толыққанды гимназияға айналады [7, 123 б.]. Негізі прогимназияның гимназияға айналуы ол жергілікті билік пен халықтың тығыз қарым-қатынасының жемісі деп қарауға болады. Өйткені, көбінесе осы кезеңде, қыздарға білім жолы ашылған таңда көптеген ата-аналар қыздарын оқыту барысында нәтижелі де толыққанды болуына мән берді. Прогимназияның дайындық сыныбы мен 4 негізгі сыныпты аяқтаған қыздарға берілген анықтамамен жұмыс орнын табу қиын шаруаға айналған. Себебі, оқу орнының басшылары мұғалім бекіту барысында олардың толыққанды гимназия, семинария бітіргеніне, ал келер жылдарда университет жанынан педагогикалық курс дәрістерін тыңдаған азаматшаларға таңдау жасаған. Сондықтан қыздарына толық гимназиялық білім беру үшін, оларды империяның басқа қалаларына (басқа қалада оқыту ата-аналарға көп шығын әкелген) жібермей жанында ұстау үшін жергілікті билікке бір емес бірнеше рет өтініш жасап, гимназияға айналуға себепкер болған. Қыздар прогимназиясы ашылған жылы 4 негізгі және 2 дайындық сыныптарынан тұрды. Жеке оқу ғимаратында орналасқанымен, ғимарат оқу үрдісіне қолайлы жасалмаған болады. Прогимназияның Попечительдік (қамқоршы) кеңесінің төрағасы Семей қалалық думасына қыздар прогимназиясында қаражаттың жеткіліксіздігін, оқу құралдарының (соның ішінді қосалқы және міндетті пәндерден) аздығынан сабақ өтудің қиындығын, сонымен бірге бөлмелердің қолайсыз, тарлығын, керек десе ғимаратта кітапхана орналастыратын бөлменің жоқ болуын мәлімдейді. Нәтижесінде 1895 жылы жасалынған жөндеу жұмыстары оқу орнының гигиеналық-санитарлы шарттарын ретке келтіреді [7, 68 б.]. Қыздар гимназия және прогимназияларын қоғамдық және жеке қаражатпен қамтамасыз ету қиынырақ болған, өйткені қыздардың оқуына ақша салғысы келетін азаматтар кемде-кем болғандықтан, 1870 жылы 24 мамырда жоғары биліктен Халық Ағарту Министрлігінің есебіне қыздар гимназияларына көмектесуі үшін жылына 150 мың рубль ақша құйып отырған. Барлық оқу орындарына ақшалай көмек жетіспейтіндіктен, тек жағдайлары мүшкіл білім ошақтарына 2000 рубльден (гимназияға) және 1000 рубльге (прогимназия) дейін ақшалай көмектескен [8, 75 б.].

Мысалы, Семей қыздар прогимназиясының 1890 жылғы қорытындысына мән берсек, онда оқу орнының есебіне мемлекеттік қазынадан 1000 рубль, қалалық ұйымнан 125 рубль, оқу ақысынан 1200 рубль, қол сұғылмайтын ақшаның пайызынан 100 рубль, басқа да қайырымдылық көздерінен 237 рубль, барлығы 3788 рубль ақша түсіп ортырған [6, 80 б.]. 1896 жылдың екінші жартысында прогимназияда бесінші сынып ашылады, бірақта бұл сыныпты гимназияның ғимаратының жөндеу жұмыстарының аяқталғанына дейін материалды және пәтермен қамтамасыз етуді прогимназияның қамқоршы кеңесінің төрағасы мен кеңес мүшелері Моквин, Березницкий, Никитин, Ступишин және Трейеровтар өз мойындарына алады [7, 70 б.].

1908 жылы «Сибирские вопросы» журналының №47-48 санында «Нечьи деньги» атты мақалада қыздар гимназиясының жанындағы қала басқармасы мен ата-аналар комитеті жоғары басшылыққа оқу орнында жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қазақтардан жиналған ақшадан көмек беруін сұрап өтініш жазғандары айтылады. Басшылық өтініштерін ескеріп, бірақ ақшаны әлі аудармағаны, бірақ қала әкімі Тройницкий жиналған ақшадан 50 000 рубль беруге уәде берген. Автордың айтуы бойынша, облыста 700 000 қазақ тұратындығы, бірақ ерлер гимназиясында қазақтардан 3-4 бала, ал қыздар гимназиясында бір қазақ қызының

оқымайтындығын алдыға тартып, неге қазақтардың ақшасына оқу орны салына, өз балаларын бере алмайтындарына өкіне қарауы байқалады. Сонда түсінгенім бойынша қазақтардың ақшасының қайда, кімге кетіп жатқандығы, неге жұмсалғаны туралы оларға есеп бермеген. Тек керек кезде пайдаланып, іске асырылып біткен уақытта ғана хабарлаған [9, 6-8 бб.]. Семей қыздар прогимназиясы мен гимназиясында ғимаратқа байланысты мәселелері толастамаған. Өйткені, оқу орнында оқушылар саны жылдан-жылға өсіп отырған, 1902 жылдың 1 қаңтарында оқу орнында бас-аяғы 312 оқушы білім алған. Прогимназия ғимараты білім алушыларға өте тар болған секілді, өйткені есепті жылда емтихан сынақтарын тапсырған 10 оқушыны қабылдамағандарын жазады. Егерде педагогикалық кеңес қабылдау үрдісінде әр сыныптағы бала басына шаққандағы ауа сыйымдылығын ескеретін болса, онда 1-4-ші сыныптарға қабылдаудан бұрын, прогимназияда білім алып жатқан біршама оқушыны шығаруына тура келетінін алдыға тартады. Оқу орнының гигиеналық тұрғыдан оқуға қабылдай алмауын көп ата-аналар түсінбейтінін, оқушылардың көп болуын қаламағандықтарынан деп түйіндейтіндерін, сол себепті аталмыш жылы Семей қаласына жұмыс бабымен ауыстырылған әулие әкейге дәлелдеуге тура келгенін баяндайды, ол азамат керек десе қызы үшін дайындық сыныбындағы пештің қасына өз қалтасынан үстел орнатуға дейін барған. Ғимарат салуға жергілікті тұрғындардың экономикалық жағдайлары келмейтінін, қалалық қоғамдық басқарма бір жарым жыл бұрын ғимарат үшін аз ақша жұмсамағандықтарын, есептік жылда қамқоршы кеңестің екі рет қайтара жазылған өтінішнен кейін 4-ші сыныпты қаржылай қамсыздандыруға 600 рубль көмек бөлгендіктерін, енді жаңа ғимарат салу мәселесіне жағдайлары келмейтіндіктерін ескереді. Сонымен бірге облыс тұрғындарынан да көмек күтуде шамалы өйткені екі жыл қатарынан бидайдың дұрыс салмауы ауқатты деген отбасылардың өздерін кәдімгідей әлсіреткенін, көмекті тек мемлекеттік қазынадан және облыстық земстволық салықтардан күтуге мәжбүр екендіктерін жазады [10, 122 б.].

Семей қыздар гимназиясында 1905–1906 оқу жылына дейін оқу ақысы дайындық сыныптарында – 20 рубль, I–IV сыныптарда – 35 рубль, V–VII сыныптарда – 45 рубльді құрайды, бірақ гимназия директоры З.Д. Сорокина өзінің берген есебінде кітап қорының өсуі, жаңадан қызметкерлер келуі оларға жалақылар белгілеу үшін оқу ақысын негізгі сыныптарда – 5 рубльге, ал дайындық сыныптарда – 10 рубльге көтереді [11, 31 б.]. Ал оқу орынның 1917 жылғы оқу ақысы: 125 оқушы – 3 дайындық сыныптар – 40 рубль жылына, барлығы 5000 рубль, 266 оқушы – 50 рубль жылына – 13 300 рубль, 172 оқушы – 60 рубль жылына – 10 320 рубль, 10 оқушы – 80 рубль жылына – 800 рубль, 35 оқушы – 100 рубль жылына 3500 рубльді құраған [12, 1 б.].

Семей қыздар прогимназиясы мен гимназиясының оқушыларның ұстанған діні мен әлеуметтік құрамы. Кестеде көрсетілгендей мұнда мұсылман қыздар (ұлты көрсетілмейді қазақ немесе татар т.б.) тек 1906 жылдан бастап аз-аздап оқуға түседі. Негізгі бөлігі орыс ұлты қыздарының құрағаны көрініп тұр. Сонымен бірге дворяндар мен шенді азаматтар, мещандар және саудагерлердің қыздары басым болған.

Кесте 1. Семей қыздар прогимназиясы мен гимназиясының оқушыларының діни және әлеуметтік құрамы [13].

Жыл	Діні						Әлеуметтік құрамы									
	Православтық	Рим-католиктік	Мұсылмандар	Басқа христиандар	Иудейліктер	Протестанттықтар	Дворяндар мен шенді азаматтар	Текті дворяндар	Дін қызметкерлері	Құрметті азаматтар мен 1-ші гильдия саудагерлері	Мещандар мен 2-ші гильдия саудагерлері	Шаруалар	Қазақтар	Қазақтар	Шет елі азаматтары	Басқалар/ бұратана
1900	282	2	-	-	3	2	123		9	3	131	9	10			2
1901	304	2	-		4	2	105		14	5	171	6	12			2
1902	320	5	-	-	2	-	125		16	18	137	10	18	-	1	2
1903	325	9	-	-	5	-	165		19	4	129	9	8		3	2
1904	331	5	-		7	-	161		17	1	146	10	7		1	-
1905	347	10	-		8	-	163		21	32	76	11	13		3	46
1906	395	9	1	-	14	-	111		15	9	251	8	8	-	2	10
1907	412	10	3	2	15	-	162	25	20		198	15	17	-	2	3
1908	393	12	15	1	13		184		23		178	7	17			14
1910	415	11	4	3	18		172		20	42	143	41	21		2	10

Егер пайыздық көрсеткішпен көрсететін болсақ, 1909 жылғы есепті қоспағанда, 1900 бен 1910 жылдың аралығындағы есеп бойынша, діни ұстанымдары бойынша прогимназия мен гимназияда православты дін өкілдері 95 %, рим-католиктер 1,5 %, мұсылмандар 0,6 %, басқа христиандар 0,2 %, иудейліктер 2,4 %, протестанттықтар 0,1 % пайызды, ал әлеуметтік құрамына тоқталсақ, пайыздық көрсеткіш бойынша дворяндар мен шенді азаматтар 40 %, текті дворяндар 0,7 %, құрметті азаматтар мен 1-ші гильдия саудагерлері 42,1 %, мещандар мен 2-ші гильдия саудагерлері 42,1 %, шаруалар 3,4 %, казактар 3,5 %, шет ел азаматтары 0,4 %, басқалар 2,5 % құраған. Бұл пайыздық көрсеткіштен дін бойынша православтардың, ал әлеуметтік құрамы бойынша дворяндар мен саудагерлердің және мещандардың басымдығын көреміз.

1902 жылдың 1 қаңтарында прогимназия оқушыларының жас шамалары 7 мен 18 жастың арасын қамтыған, соның ішінде 7 жастағылар 1 %, 8 жастағылар 7,7 %, 9 жастағылар 10,3 %, 10 жастағылар 16 %, 11 жастағылар 10,3 %, 12 жастағылар 11,5 %, 13 жастағылар 12,2 %, 14 жастағылар 11,2 %, 15 жастағылар 7,7 %, 16 жастағылар 7,1 %, 17 жастағылар 4,5 %, 18 жастағылар 0,5 % көрсеткішті құраған. Сонда анықтауымыз бойынша, оқу орнында негізгі жас шамалар 10, 12, 13, 14 жастағылар болған. Енді қыздардың тұрғылықты мекендеріне мән берсек, оқу орнында тек Семей облысынан басқа, Ақмола, Жетісу, Томск облыстарынан оқушылар оқыған. Бірақ басым бөлігі Семей облысы құраған [10, 20 б.].

Кесте 2. 1902 жылдың 1 қаңтары бойынша Семей қыздар гимназиясындағы оқушылардың тұрғылықты мекен-жайлары туралы есеп [10, 20 б.].

Сыныптар	Семей облысы	Жетісу облысы	Томск губерниясы	Ақмола облысы	Ата-аналары Семейде тұратын оқушы-р саны	Туыс-да тұратын оқушы-р саны	Жеке пәтерде тұратын оқушылар саны
Кіші дайын-қ сынып	1			1	41	1	1
Жоғарғы дайын-қ сынып	6	2		1	31	5	4
I	6	1	1	1	35	6	3
II	10	2	2		33	7	8
III	10		2	3	39	7	9
IV	7		4		25	2	9
V	6		2		17	2	6
VI	3	2	2		14	1	6
Барлығы	49		13	6	35	31	46

Қыздар прогимназиясы мен гимназиясының мұғалімдері жұмыс орнына тек үй мұғалімі және тәлімгері лауызымы болған жағдайда ғана аймақтың оқу басқармасының қамқоршысымен тағайындалған. Оқу орны басқарушы және атқарушы бөлімдерден тұрды. Оқу басшысынан, педагогикалық кеңес пен Попечительдік (қамқоршы) кеңес және мұғалімдер кадрынан құралды. 1890 жылғы дерекпен Семей қыздар прогимназиясының педагогикалық құрылысына шолу жасасақ, педагогикалық кеңестің төрағасы Семей қалалық училищесінің инспекторы Леонидь Васильевич Кривоногов болған. Бұл ретте айтатын болсақ Халық Ағарту Министрлігі қыздар прогимназия және гимназияларына педагогикалық кеңесіне төрағалық ету мәртебесін тек ерлер оқу орындарының басшыларына ұсынған, сонымен қатар бұл құбылыс әйелдер арасында жоғары оқу орнын бітірген азаматшалардың болмауына байланысты болған. Оқу орнының басшысы Мария Ивановна Захарова. Омбы қыздар гимназиясында білім алған, үй мұғалімі атағы берілген. I және II сыныптарға бейнелеу өнерінен сабақ берген. Жылдық ақысы басшылық қызметі үшін 300 рубль және сабақ сағаттары үшін 60 рубль. Заң оқытушысы және әулие әкей Александр Гаврилович Попов. Томск рухани семинариясында білім алған. Дайындық сыныптармен қоса I, IV сыныптарда құдай заңдарын оқытқан. Жылдық ақысы 250 рубль. Прогимназия мұғалімдеріне тоқталсақ: орыс тілі пәнінің мұғалімі Надежда Михайловна Сиязова. Омбы қыздар гимназиясында білім алған. Үй тәлімгері атағын иемденген. I және III сыныптарда орыс тілі пәнін оқытқан. Жылдық ақысы 300 рубл. Математика мұғалімі Вера Федоровна Вячеславова. Томскідегі Маринск қыздар гимназиясында білім алған. Үй мұғалімі атағын иемденген. I және IV сыныптарға математика пәнін оқытқан. Жылдық ақысы 400 рубл. Тарих және география пәнінің мұғалімі Клавдия Егоровна Желтина. Омбы қыздар гимназиясында білім алған. Үй мұғалімі атағын иемденген. III және IV сыныптарға тарих, ал I және IV сыныптарға география пәндерін оқытады. Айлық ақысы 300 рубль. Көркем жазу мұғалімі Любовь Гавриловна Никитина. Омбы қыздар гимназиясында білім алған. Үй мұғалімі атағын иемденген. I және IV сыныптарда көркем жазу пәнінен оқытады. Жылдық ақысы 150 рубль. Жоғарғы дайындық сынып мұғалімі Аполлинария Михайловна Суворцева. Омбы қыздар гимназиясында білім алған. Үй мұғалімі атағын иемденген. Аталмыш сыныпқа орыс тілі, арифметика, көркем жазу пәндерін оқытқан. Жылдық ақысы 300 рубль. Төменгі дайындық сынып мұғалімі Агриппина Михайловна Меркушева. Омбы қыздар гимназиясында білім алған. Үй мұғалімі атағын иемденген. Аталмыш сыныпта орыс тілі, арифметика, көркем жазу пәндерін оқытады. Жылдық ақысы 300 рубль. Қолөнер пәнінің мұғалімі Анна Егоровна Барулина. Одесса қыздар гимназиясында білім алған. Үй мұғалімі

атағын иемденген. I және IV сыныптарда қолөнер пәнін оқытты. Жылдық ақысы 150 рубль. Оқу орнының мұғалімдерін саралай келе басым бөлігі Омбы қыздар гимназиясында білім алғандығы көрінеді. Тек бір-екі мұғалім ғана шет аймақтан келген. (Негізінде Сібір жеріне жұмысқа тұруға көп (оқыған) азаматтардың ниеті болмаған – *Р.А.*).

Сонымен қатар прогимназияда қалалық училищенің мұғалімдері сабақ берген, айтатын болсақ: Сергей Николаевич Степанов. IV сыныпқа орыс тілі пәнін оқытты. Федор Яковлевич Брутань. IV сыныпқа жаратылыс тарихын оқытты. Василий Михайлович Несмелов. III және IV сыныптарда бейнелеу өнерінен оқытты. Лев Павлович Степанов. Дайындық және I, IV сыныптарда ән пәнін оқытқан [6, 81–83 бб.]. Жоғарыда айтқанымыздай оқу орнының басқарушы тобындағы қамқоршы кеңесті бөліп көрсетугіз шарт, өйткені Попечитель (қамқоршы) мен Попечительдік кеңестің атқарар жұмысы маңызды болған.

